

АРНАЙЫ СЕРВИСТІК КАМПАНИЯ

[25SD-063]

Кейбір модельдерде аспаптар панелін қайта бағдарламалау

Әңгіме не туралы?

Осы кампанияға қатысатын көліктер әртүрлі ақпаратты (бақылау шамдары мен индикаторлар, аспаптар, хабарламалар және т.б.) көрсететін 12,3 дюймдік дисплейі бар аспаптар панелімен жабдықталған. Оталдыру қосылғаннан кейін дисплейде кескін көрсетілмей қалу ықтималдығы бар.

Толық ақпаратты Lexus компаниясының ресми дилерлік / сервистік орталығынан алуға болады.

Не істеу қажет?

Көлік иесі автокөлігін Қазақстандағы Lexus компаниясының ресми дилерлік / сервистік орталығына жеткізуі қажет. Lexus-ның кәсіби мамандары аспаптар панелінің электрондық басқару блогын қайта бағдарламалауды **МҮЛДЕМ ТЕГІН** орындайды.

Осы кампанияны орындау қанша уақытты алады?

Қайта бағдарламалау шамамен 1–2,5 сағатты алады, ал аспаптар панелін ауыстыру – 1–1,5 сағат. Дилерлік орталық мамандарының жұмысбастылығы жоғары болған жағдайда, жұмыстарды орындау үшін ұзағырақ уақыт қажет болуы мүмкін.

Қандай модельдер осы кампанияға қатысады?

Қазақстан және Қырғызстан нарығында осы арнайы сервистік кампанияға келесі Lexus модельдері қатысады:

- **LM** (шығарылған жылы: 2023 – 2025 жж.).

Осы кампанияның өткізу мерзімі қандай?

Осы арнайы сервистік кампанияның өткізу мерзімі **шектелмеген**.